

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚЫТАЙДЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ҚАЗАҚСТАН «ҚЫТАЙТАНУШЫЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАНКАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. АЛЬ-ФАРАБИЦЕНТР ИЗУЧЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО
КИТАЯОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ «АССОЦИАЦИЯ
КИТАЕВЕДОВ КАЗАХСТАНА»**

**«ҚКП ХІХ СЪЕЗІ ШЕШІМДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН-
ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ»**

**Республикалық ғылыми-методикалық конференция
(Алматы қ. 02.03.2018)**

**«РЕШЕНИЯ ХІХ СЪЕЗДА КПК И КАЗАХСТАНО-
КИТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ»**

**Республиканская научно-методическая конференция
(г. Алматы 02.03.2018)**

Қытайды зерттеу сериясы № 6

**«Мерей» баспасы
Алматы 2018**

МАЗМУНЫ

Мұхаметханұлы Н. ҚХР-дың жаңа даму кезеңіндегі сыртқы саясаты (ҚКП XIX Съез шешімдері негізінде)	5
Алдабек Н.А. Сағынбек М. ҚКП XIX съезі және қытайлық социалистік мәдениет мәселесі	9
Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ, Айнұр ӘБИДЕНҚЫЗЫ «Ұлы жібек жолы» және Қытай мәдениеті	19
Сапанов С.Ж. Политика КНР по развитию сотрудничества стран вдоль шелкового пути в контексте решения XIX съезда КПК	51
Azhar E. Serikkaliyeva China's transfer of production facilities to Central Asia: Kazakhstan case	60
Арзықұлов А.А. Қытай коммунистік партиясының XVIII съезінен XIX съезге дейін	69
Омарова М.А. ҚКП-ның XIX съезі: Қытайдың халықаралық қатынастардағы белсенділігінің аруы	76
Дауен Д.Б. Қытай мен Қазақстандағы көп партиялы жүйедегі негізгі партиялардың ел модернизациясын жүргізудегі қызметі	84
Масабаев К. И. XIX СЪЕЗД КПК: НОВЫЙ РУБЕЖ РАЗВИТИЯ КНР	99
Әнуарқызы Сәуле 哈萨克斯坦在全球教育平台	109
Керімбаев Е.Ә. Қытайдың сыртқы саясатындағы тілдің рөлі	112
Мадиев Д.А. Қазақстан Республикасы мен ШҰАА арасындағы шекара маңы сауда байланыстарының дамуы	123

Бейсенбаев О.	
«Цифрлық Жібек жолы» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының дамуы.....	133
Абдурақын Нұрхалық, Маулет Бакытнұр.	
Аударма және технологиясы.....	142
Сергазы Е.	
Қытайдың Батыс бөлікті және Шыңжауды игеру стратегиясы жалғасады (ККП ХІЗ съез негізінде).....	149
Урумбаев, Е.Р.	
Стратегия борьбы с коррупцией в КНР в свете итогов ХІХ съезда КПК.....	161
Шарипқазы Н.	
Қытайдың Орта Азиядағы стратегиясы.....	170
Абдурақын Нұрхалық.	
Қытай әдебитіндегі ұлттық наным-сенімнің көрінісі («Батысқа сапар» романы негізінде).....	176
Талет Е.	
— 带一路上的汉语热.....	190
Базартай Ж.	
浅谈对外汉语教师的课堂用语技巧.....	193
Тұрсынақын Айгүл.	
中国的新方案能否为世界注入新活力.....	200
Zharyshbetova R.N., Nabyzhankyzy Z.	
Methods of teaching dialogue.....	210
Райхан Бағила.	
Қытай тіліндегі гендерлік ерекшеліктерді зерттеудің жалпы жағдайы және зерттеу кезеңдері.....	217
Қанат Гүлнар.	
Қытай тарихшысы Су Бейхай және оның қазақ мәдениетін зерттеу концепциясы.....	225
Токеева А.А.	
Один пояс - один путь. Выгоды и перспективы для Казахстана.....	240
Мұқатай К.	
Chinese and Kazakh cross-cultural Communication.....	248

www.south-insight.com/node/217713?language=ru (дата обращения: 17.12.2016).

10. Сергеева А. Китайский язык как инструмент реализации «китайской мечты» // Российский совет по международным делам. URL: http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=2388#top-content (дата обращения: 10.12.2016).

11. Председатель КНР Си Цзиньпин провел беседу с немецкими синологами и представителями преподавательского совета и слушателей Института Конфуция // Институт Конфуция, вып. 24, 2014. С.5.

12. О.И. Завьялова. Языковая ситуация и языковая политика в КНР // Китай: поиск гармонии. К 75-летию академика М.Л. Титаренко. М., 2009. С. 492–499.

13. Госканцелярия КНР по распространению китайского языка и культуры за рубежом (сокращенно Ханьбань) // URL: <http://www.hanban.edu.cn/>

14. (Пекинский университет языка и культуры открыл международный Координационный инновационный центр языков и культур окружающих стран) // Образовательный портал. Пекин, 2016 URL: <http://www.teachingchinese.net/?p=2878> (дата обращения: 14.01.2017).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ШҰАА АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРА МАҢЫ САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Мадиев Д.А.

2 курс докторанты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы қ.).

Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы шекара маңы сауда байланыстарының даму тарихы. Соңғы жылдары әлемде экономикалық әл-ауқаты жоғары мемлекеттердің қатары көбеюде. Олардың қатарында Қытай Халық Республикасы жетекші орындардың бірінде. Қытай өзінің аймақтық экономикасын дамыту мақсатында көрші елдермен шекара маңындағы аймақ аралық экономикалық, сауда байланыстарын арттыруға мүдделі. Жібек Жолы экономикалық белдеуінің құрамына сәйкес, Қытайдың Орталық Азия елдерімен, оның ішінде Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынас өте маңызды. Шыңжаң өлкесі Жібек жолының ажырамас бөлігі, Қытай мен Қазақстанды ежелден-ақ байланыстырып келе жатқан көне аймақтардың бірі.

ШҰАА мен Қазақстан Республикасы арасындағы шекара маңындағы экономикалық және сауда-саттық байланыстары Қазақстанның егемендік алған алғашқы күндерінен бастау алып, 20 жылдан аса уақыт жалғасып, дамып келеді. Қытайдың көрші елдермен шекара маңындағы қарым-қатынасы сол аймақтың экономикалық жағдайына ғана әсер етіп қойған жоқ, сонымен қатар, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартып, өмір сүру деңгейін арттыруға септігін тигізді.

Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы экономикалық өзара әрекеттестігінің жаңа тарихы Қазақстанның тәуелсіздік алуына дейін, яғни ХХ ғасырдың 80 – жылдарынан бастау алды. 1990 жылы 23 қарашада екі жақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Қазақ КСР мен ҚХР

ШҰАА үкіметтері арасында экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту жөніндегі келісімге қол қойылды. Тараптар өздерінің арасында тауар, қызмет және капитал ауысуына заңнамалық және экономикалық қолайлы жағдайлар туғызуға, өндіріс, көлік, байланыс, энергетика, ауыл шаруашылығы және туризм саласында ынтымақтастықты нығайтуға міндеттенді [1].

1991 жылы қарай тәуелсіздік алардың алдында, Қазақстанның Қытаймен экономикалық қатынасы салыстырмалы түрде қарқынды дамыды. Қытай Халық Республикасы Қазақстанның басты сауда өріпгесіне айналды, оның шығыс елдеріне жасалатын барлық экспортының 52%-ы Қытайдың үлесіне тиді [2].

Қазақстан 1991 жылы егемендік алған уақыттан бастап екі елдің арасындағы сауда байланыстары жаңа кезеңге аяқ басты. 1991 мен 2000 жылдар арасында Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда, жекелеген жылдарда орын алған кейбір ауытқуларға қарамастан, негізінен тұрақты түрде даму үстінде болды. Осы кезеңнің көп бөлігінде Шыңжаңның Қазақстанмен сауда көлемі Қытай-Қазақстан саудасының 80% -дан астамын құрады, бұл екі ел арасындағы аймақаралық сауда-саттықтың маңыздылығын көрсетеді. 1992 жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда саттық мөлшері 432 миллион АҚШ долларын құрап, Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серігіне айналды. Мұның ішінде Қытайдың Қазақстанға шығарған экспорт өнімі 205 миллион АҚШ долларына жетіп Қазақстанның импорт өнімінің 43,7% ұстады. Қытай Қазақстаннан 227 миллион АҚШ долларының импорт бұйымдарын кіргізіп, бұл Қазақстанның экспорт бұйымдарының 16,3% құрады. 1993 жылдың алғашқы жартысында Қытай мен Қазақстанның сауда-саттық бұйымдары 116 миллион АҚШ долларына жетіп, мұның ішінде Қазақстанның Қытайға шығарған экспорты 84 миллион АҚШ долларына жетіп Қазақстанның экспортының 12,1%-ын құрады. 1994 жылы Қытай-Қазақстан екі елдің сауда-саттық мөлшері 218,7 миллион АҚШ долларына жетіп, оның ішінде Қытайдың импорттық үлесі 148,9 миллион АҚШ доллары болса, экспорттікі 69,8 миллион АҚШ доллары болды. 1995 жылы екі елдің сауда-саттық мөлшері артып, 328 миллион АҚШ долларын құрады. Дегенмен, Қытай мен Қазақстан арасындағы, немесе Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы сауда көлемі әлі де өзінің шегіне жеткен жоқ. Бұл

ен алдымен, Қазақстанның экономикалық даму қарқынының баяулығына байланысты, және ішкі сұраныстарының тек қысқалықпен қажеттіліктерге деген сұраныстармен шектелуінде болса керек. Сонымен қатар, егемендік алған алғашқы жылдары Қазақстанда шикізат тапшылығы қатты сезілді және саудасаттықтағы басымдық шикізат импортына берілді [3].

1992 жылы ақпандағы бұрынғы Премьер-министр С.А. Терещенконың Қытайға ресми сапары екі жақты сауда-экономикалық қатынастың әрі қарай дамуына серпіліс берді. ҚХР астанасы Пекиндегі келіссөздердің нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды, атап айтқанда:

-Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия құру туралы Келісім;

-Қызмет бабы бойынша сапарға шығатын төлқұжаттың барлық түрі бар азаматтар үшін визасыз режимді қарастыратын азаматтардың өзара сапар шегуі туралы Келісімі (Кейін өзара сапар шегудің визасыз режимі тек дипломатиялық және қызметтік төлқұжаты бар азаматтарға ғана сақталды);

-Мемлекеттік шекарадан өтудің, өткізу бекеттерінің ашылуы туралы келісім (Қорғас (Қазақстан) – Қорғас (ҚХР), «Достық» (Қазақстан) – «Алашанькоу» (ҚХР), «Бақты» (Қазақстан) – «Покиту» (ҚХР) бекеттеріне халықаралық мәртебе берілді).

Мемлекеттер арасындағы шекара бойындағы сауданың серпінді дамуы 1992 жылы 10 тамызда Пекин қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы шекара бойындағы өткізу бекеттерінің ашылуы туралы келісімге қол қойылуға себеп болды.

1993 жылы қазанда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев алғашқы рет Қытай Халық Республикасына ресми сапар шекті. Сапар барысында Нұрсұлтан Назарбаев пен Цзянь Цзэминь екі мемлекеттің өзара қатынасының қағидаларын айқындайтын бірінші ресми құжатқа – Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық және өзара қатынастың негіздері туралы Бірлескен Декларацияға қол қойды. Декларацияның сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамыту тармағында: тараптар ортақ мүдделерде сауда-экономикалық ынтымақтастықтың дамуына ерекше маңыз береді; тараптар Қазақстан мен Қытай экономикасы өздерінің

құрылымы бойынша бір-бірін өзара толықтырады және өзара тиімді ынтымақтастық үшін зор мүмкіншіліктер бар деп есептейді; тараптар өздерінің тиісті заңдарының шеңберлерінде өсіресе, инвестициялар мен мүлікті өзара қорғау үшін қолайлы жағдайларды жасайтын болады, ведомстволардың, аймақтардың (атап айтқанда, шекараға жақын) және кәсіпорындардың арасындағы өзара қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты жан-жақты көтермелейді және дамытады, экономикалық ынтымақтастықтың барлық нысандарын көтермелейді деп мәлімдеді [4, 162 б.].

XXI ғасырдағы Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы шекара саудасының даму жағдайы. XX ғасырдың соңы-XXI ғасырдың басында шекаралық территориядағы Қазақстан мен Қытайдың екіжақты байланыстары белсенді жүзеге аса бастады. Еркін экономикалық аймақтардың құрылуы мемлекетаралық сауда-экономикалық байланыстардың жаңа деңгейге көтерілуінің көрсеткіші. Қазақстанмен және Қытай арасындағы шекара бойындағы сауданың динамикалық дамуының көрсеткіштері ШҰАА-ның статистикалық басқармасының мәліметтері болып табылады. Сол мәліметтерге сөйкес Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы шекаралық сауда көлемі 2000-2006 жылдар аралығында автономиялық ауданның жалпы сыртқы тауар айналымының 50 пайызынан астамын құрады. Қытайдан Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың арасында: машиналар мен түрлі жабдықтар, химиялық өнімдер, пластмассалық бұйымдар, электротехника, дәрі-дәрмек, тоқыма және көпшілік тұтынатын тауарлар басым және осы импорттық құрылымының 74,7%-ы 3 негізгі тауарлық топқа тиесілі: көпшілік тұтынатын тауарлар (30,4%), тоқыма және тоқыма бұйымдары (24%), және де техника мен құрал жабдықтар (20,3%) [5]. Ал Қазақстан Республикасынан ҚХР-на экспортталатын тауарлардың түріне келетін болсақ, олар негізінен шикізат өнімдерін құрайды, яғни: кара және түсті металдар (36,6%), минералды тынайтқыштар, мақта және тері шикізаттары, мыс (28%) және мыс ауыр өнеркәсіп өнімдері [6].

2000-2008 жылдар аралығында Қазақстан-Қытай сауда байланыстары жаңа деңгейге көтерілді. Біріншіден, тәуелсіздік алғаннан кейін елде қиын экономикалық калпына келтіру кезеңі басталды, жаңа мыңжылдыққа кіргеннен кейін жаһандық

экономикалық даму Қазақстанның дамуына септігін тигізді. Сонымен қатар, әлемде энергетикалық ресурстар саудасының ауқымы кеңейді, бағасы үздіксіз артып отырды. Энергетикалық ресурстарға бай Орталық Азия әлемдік экономикада маңызды орынға ие болды. Қытайдың көзқарасы бойынша, экономикалық реформалар басталған кезден бастап, сыртқы экономикалық дамудың Қытай экономикасына, қоғамға, ғылым мен технологияға әсері жоғары бағаланды. Қытайлық нарықтың дамуы басқа елдермен сауда байланыстарының артуына септігін тигізді [7].

2007 жылы Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы тауар айналымы 9,2 млрд АҚШ долларын құрады, 2008 жылы - 12,24 млрд АҚШ долларына дейін өсті.

Кеденнің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы 2008 жылдың қаңтар-ақпанында 14,9 млрд АҚШ долларын құрады және 2007 жылдың қаңтар-ақпанымен салыстырғанда 41,8 %-ға ұлғайды, оның ішінде экспорт 10,3 млрд АҚШ долларына (62,0 %) ұлғайды, импорт 4,6 млрд АҚШ долларына (10,9 %) ұлғайды.

Экспорттың жалпы көлемінің ең үлкен үлесі минералдық өнімдерге тиді – экспорттың жалпы көлемінің 73,0 %-ы. Бағалы емес металдар мен бұйымдар оның 11,7 %-ын, химиялық өнімдер - 3,2 %-ын, азық-түлік тауарлары және оларды өндіретін шикізаттар - 7,8 %-ын, машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттар – 2,3%-ын алады.

Импорт құрылымында едәуір үлесті машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттар (импорттың жалпы көлемінің 41,6 %), минералды өнімдер (18,58 %), бағалы емес металдар мен бұйымдар (12,8 %), химиялық өнімдер (10,0 %), азық-түлік тауарлары және оларды өндіретін шикізаттар (8,2 %) алады.

2009 жылдардан бері Қазақстан-Шыңжаң сауда байланыстарында жана өзгерістер орын алды. 2008 жылы АҚШ та әлемдік қаржылық дағдарыс басталды. Дағдарыс Қытай-Қазақстан шекара саудасына әсер етіп, 2009 жылдан бастап сауда көлемінің біршама төмендегенін көруге болады. Дегенмен төмендеу көлемі айтарлықтай үлкен болмады. 2010 жылы Қытай-Қазақстан сауда көлемі артты. 2011 жылы Қазақстан-Шыңжаң сауда байланыстары айтарлықтай межеге жетіп, бірінші рет 10

млрд доллардан асты, ал импорт-экспорттың жалпы құны 10 млрд 597 млн долларға жетті. Қытай Қазақстанның маңызды сауда әріптесі және экспорттық серіктесіне айналды.

Шынжан мен Қазақстан арасындағы шекара саудасын дамыту үшін қолайлы жағдайлар. Саяси жүйенің артықшылықтары. Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас негізінен Кеңес Одағы ыдырап, Орта Азиядағы мемлекеттер егемендік алған кезден басталады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қытай Орта Азияда пайда болған жас мемлекеттермен дипломатиялық байланыстар орната бастады. 2001 жылы құрылған Шанхай Ұйымдастық ұйымы-ҚХР мен Орта Азиядағы көршілес төрт мемлекеттің достық тату көршілік пен ортақ дамуының жаңа кезені. 2005 жылы Қытай мен Қазақстан достық стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімге қол қойды. Дұрыс дипломатиялық саясат пен қалыптасқан жүйенің арқасында, Қытай мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастар шекаралық сауданы дамыту үшін жақсы негіз болып табылады.

Географиялық ресурстардың артықшылықтары. Картадан көруге болатындай, Шынжанның батысы Қазақстанмен шектеседі. Екі аймақтың тарихы тереңде жатыр, ертедегі Жібек Жолы өткен Азия мен Европа арасын жалған тұрған құрылықтағы көпір десе болады. Шынжаң Қытайдың ең үлкен әкімшілік аудандарының бірі, оның шекарасының жалпы ұзындығы 5400 км-ге дейін созылып жатыр. Шынжаң өзінің солтүстігінде, батысында бірқатар елдермен шекараласады, және Қытайдың шекара бойындағы сауда-саттықты дамыту көрсеткішіне өз үлесін қосуда. Қазақстанның Қытаймен шекара бойындағы аймағы негізінен таулы-үстіртті болып келгенімен, территориясының көп бөлігі жазық және ойпатты жерде орналасқан, ел аумағын орманның, көлдердің және шабындықтардың зор алқабы алып жатыр. Сонымен қатар, Батыс Азияның басқа да елдері сияқты Қазақстан мұнай мен минералды ресурстарға бай. Пайдалы қазбалардың қоры бойынша Қазақстан алдыңғы орындағы он мемлекеттің қатарына кіреді. Өзінің экономикалық даму есебіне сәйкес, Қазақстан экспортының 25% -ын минералдық ресурстар экспорты құрайды, ал оның 50%-ы мұнай және газ экспортынан тұрады [8].

Қазіргі таңда Шынжан Ұйғыр автономиялық ауданының шекара бойында 15 шекара өткізу бекеті жұмыс істеп жатқан

болса, сонын алтауы Қазақстан-Қытай шекара бойында орналасқан. Олардың қатарына Алашанькоу-Достық, Қорғас, Бақты, Жеменей-Майқапшағай, Мұзарт, Дулаты секілді кедендік бақылау бекеттері кіреді. Қытай мен Қазақстан Республикасын байланыстыратын кедендік бекеттерінің бірі Қорғас бекеті болып табылады. Қорғас өткізу бекеті ШҰАА-ғы Іле-Қазақ ауданының Қорғас (Хочэн) уезінде орналасқан. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы мен ШҰАА-ның көптеген автокөлік қатынастары осы Қорғас бекеті арқылы өтеді. «Қорғас» өткізу бекетінің тарихы тереңде жатыр. Ол Сүй (589-618 жж.) және Тан (618-907 жж.) патшалықтары кезінде-ақ Ұлы Жібек жолының солтүстік бағытындағы маңызды пошталық станса қызметін атқарды. Ол 1983 жылы 16 қарашада ҚХР Мемлекеттік Кеңес рұқсатымен қайтадан ашылды. 1992 жылғы тамыздағы Қытай үкіметі мен Қазақстан үкіметі мәмілесіне сәйкес Шекаралық өткізу бекеті (ШӨБ) үшінші елдерге қатысты ашылды. «Қорғас» ШӨБ халықаралық транзиттік тасымал бекеті мәртебесіне ие. «Қорғас» ШӨБ-нің өткізу қабілеті жылына 3млн. жолаушылар мен 2 млн. тонна жүкті кұрайды. Қытайдың сыртқа ашылу және батысты игеру стратегиясын жүзеге асыру мақсатында «Қорғас» ШӨБ Қытайдың Орталық Азия мен Еуропаға шығу «терезесі» болып табылады. Бақты өткізу бекеті Қытай-Қазақстан шекарасындағы Іле-Қазақ автономиялық округінің Шауешек (Тачен) қаласында орналасқан. Бұл шекаралық өткізу бекеті Қазақстанның Шығыс Қазақстан Облысымен көрші. Ол Шыңжаннан Орталық Азия мен Еуропаға бағытталған жолдың маңызды өткелі болып табылады. 1992 жылы қарашада Бақты ШӨБ-і ресми түрде үшінші елдер үшін ашық болып жарияланды. Оның өткізу қабілеттілігі жылына 300 мың тонна жүк пен 100 мың жолаушылар тасымалын кұрайды [9]. Жеменей өткізу бекеті Алтай ауданының Зимұнай уезінде орналасқан. Жеменей бекетінің қарсы бетінде Шығыс Қазақстан облысының Майқапшағай бекеті орналасқан. Өткізу қабілеті жылына 100 млн тонна жүк пен 50 мың жолаушыны кұрайды [10]. «Достық-Алашанькоу» өткелі халықаралық статуска ие болғанмен, ол әзірше екі жақты сауданы қамтамасыз етеді. 1999 жылы өткел арқылы өткен жүк көлемі 3, 68 млн.тоннаға жетті, 2000 жылы – 4, 7 млн. тонна [11].

Кедендік бекеттердің халықаралық сауда-экономикалық

байланыстарды нығайтудағы рөлі зор. Мысалы, 2006 жыл наурыздың 28-і күні Шығыс Қазақстанның «Майқапшағай» кеден бекетінен бірнеше шақырым жерде орналасқан Қытайдың Шәуешек қаласы маңында бір күндік визасыз сауда-саттық жасауға мүмкіндік беретін «Майқапшағай-Жеменей» шекаралық сауда орталығы ашылды. Бұл шара «Майқапшағай-Жеменей» шекаралық сауда орталығындағы сауда қызметін дамыту мақсатында ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы Алтай округінің администрациясы мен Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің қаңтардың 26-сындағы келісіміне сәйкес жүзеге асты.

Шекара маңындағы сауданы нығайту шаралары. 2000 жылы «Қорғас» ШӨБ басқару Комитетінің шекаралық сауда зонасын құру туралы ұсынысы ынтымақтастыққа жаңа дем берді. Қазақстандық тарап бұл жоспарды құптады. 2004 жылы Н.Назарбаевтың Қытайға жасаған сапары барысында шекаралық ЕЭА құру идеясы одан ары өрбіді. Сапардың нәтижесі болған «Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы Келісімге» қол қойылуына сәйкес 2005 жылдың басында Қазақстан мен Қытай арасында шекара маңындағы аудандар тұрғындары үшін бір күндік визасыз өткел ашылды. Дәл сол кезде Н.Назарбаев «Қорғас» шекара өткелі ауданында ЕЭА құру туралы ұсыныс жасады.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастық халықаралық Орталығының құрылуы (одан әрі-«Қорғас» ШЫХО) – ҚХР мен Орта Азия мемлекеттерінің екі жақты экономикалық қатынастарын кеңейтудің, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығын дамытудың бастапқы кезеңі болып табылады.

«Қорғас» ШЫХО-сын құрудың нормативтік –құқықтық базасын жасау мақсатында 2005 жылғы 25 ақпанда Премьер-Министрдің №33 өкімімен Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарында индустриалдық аймақты құрудың заңнамалық және нормативтік –техникалық базасын жасау туралы ұсыныстар әзірлеу үшін жұмысшы тобы құрылды. Бұл топтың жұмыс нәтижесі «Қорғас» ШЫХО-сын құрудың концепциясын бекітілуі және ҚХР-дың Төрағасы Ху Цзиньтаоның 2005 жылғы 4-5 шілдедегі Қазақстанға жасаған сапары аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы «Қорғас» ШЫХО-сының қызметін реттеу туралы Келісімге қол қою болды. Келісімге сәйкес «Қорғас» ШЫХО-сының аумағының қазақстандық бөлігі 120 гектар, ал Қытай тарапынан 343 гектар құрады. Орталықты құрудағы мақсат:

- мемлекеттердің индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асыру;

- шетелдік капиталды тарту арқылы аймақтың экономикасын жандандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту;

- экономикалық интеграция және ҚР өнеркәсібінің экспорттық бағдарлы салаларын дамыту;

- сыртқы сауда операцияларына халықаралық стандарттар жүйесін енгізу;

- көліктік-логистикалық және импорттық, экспорттық, сондай-ақ, транзиттік жүк айналымына терминалдык қызметтерді дамыту;

- Ұлы Жібек жолы бойында туризм, көлік және байланыс инфрақұрылымдарын дамытуды қамтитын халықаралық туризмді дамыту;

- жергілікті мамандарды жұмыспен қамту және кадрлардың біліктілігін арттыру болып табылады.

«Қорғас» ШЫХО 2012 жылы ашылып, толыққанды жұмыс істей бастады, және әзірге еліміздегі бірден-бір трансшекаралық ынтымақтастық орталығы болып табылады. Қазіргі кезде мұнда Қытай Өндірістік-сауда банкі, Қытай Ауылшаруашылық банкі, Қытай Құрылыс банкі, Қоммуникациялар банкі, және тағы басқа банктік мекемелер өз бөлімшелерін ашқан.

Қорғас шекара бекетінің мәліметінше, 2017 жылдың алғашқы 10 айында «Қорғас» ШЫХО бару үшін 4 млн 650 мың адам кедендік бақылаудан өткен, туристер саны өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 10% артқан. Күн сайын Орталықта 5 млн юань соманың тауары сатылады, негізгі тұтынушылар қытайлық және Орта Азиялық саудагерлер.

ШҰАА әкімшілігінің Жібек Жолы Экономикалық белдеуінің орталық аймағының құрылысын жеделдету жөніндегі жариялаған құжатына сәйкес, жақын 3 жылда Шыңжаң өз қуатын инфрақұрылым құрылысына, халықаралық сауда логистикалық жүйесін құруға, көрші елдермен сауда-экономикалық және қаржылық ынтымақтастығын нығайтуға,

гуманитарлық саладағы алмасуды белсендіруге жұмсайды. Сарапшылардың айтуынша, бұл Қорғастын болашақта дамуына үлкен мүмкіншіліктер ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыроежкин К.Л. Сивьцзян вчера и сегодня. К 45-й годовщине образования Сивьцзян-Уйгурского автономного района КНР // Казахстан-спектр. - 2001. - №1. - С. 56-63.
2. Сыроежкин К. Казахстан - Китай: торгово-экономические отношения // Сб. Казахстан и мировое сообщество. - 1995. - № 1 (2). - С. 62-67.
3. 侯同娣、李雪艳.新疆边境贸易研究.边疆经济与文化. 2005 (9)
4. Токаев.К. Преодоление. /Дипломатические очерки. - Алматы: ОАО «САК» - НП ПИК «САУНАР», 2003 - 656 с.
5. Интервью Чрезвычайного и Полномоченного посла Республики Казахстан Ж. Карибжанова корреспонденту газеты «Женьминь Жибао» // <http://internetwebsvsystem.com/program/kzembassy>
6. Макашева К. Н. Торгово-экономические отношения РК и КНР как важная составляющая казахстанско-китайских отношений // Вест. КазНУ. Сер. МО и МП. - 2007. - № 1(27). - С. 13-19.
7. 王海燕.新疆与哈萨克斯坦经贸合作的新机遇.大陆桥视野. 2005 (7)
8. 司正家.新疆城市化发展与中亚经济合作贸易.新疆师范大学学报(哲学社会科学版). 2005 (2)
9. www.china-unitrade.ru
10. russian.china.org.cn

«ЦИФРЛЫҚ ЖІБЕК ЖОЛЫ» АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ

Бейсенбаев О.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
шығыстану факультеті*

1 курс докторанты

(Алматы қ.).

Қазақстан тәуелсіздігінің ширек ғасырлық межесі жедел және күрделі өзгерістермен тұспа-тұс келді. Жаһандық экономикалық мен геосаяси бетбұрыстар, миграциялық тенденция, экологиялық проблема мемлекетаралық қарым-қатынастардың жаңа форматын қалыптастыруда. Технологиялық трендтер қоғамның экономикалық, әлеуметтік-мәдени даму сипатына өзгерістер енгізеді. Бұл құбылыс Төртінші өнеркәсіптік революцияның алғышарты ретінде бағаланады.

Дүниежүзілік экономикалық форумның құрушысы Клаус Швабтың пайымдауынша: «Төртінші өнеркәсіптік революция жаңа ғасырда басталды және ол цифрлық революция негізінде жүзеге асады. Оның басты сипаттары – кең таралған, шағын өндірістік құралдар, жасанды интеллект және оқытушы машиналар» [1, 11 б.]. Әлемге танымал футуролог Митио Каку бұл құбылысты «кемелденген капитализм» деп сипаттайды. Оның айтуынша, экономиканың цифрлық трансформациясы кәсіпкер мен сатып алушының арасындағы делдалды ысырып, сауда тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [2].

Төртінші өнеркәсіптік төңкерістің тегеурініне дамушы мемлекеттер уақытында бейімделуді көздейді. Өйткені, әлем халқының 17 %-ы Екінші өнеркәсіптік революцияны күтуде, ал 1,3 млрд. адамның электр желісіне қосылуға мүмкіндігі жоқ [1, 14 б.]. Әр аймақта цифрлық технологияны пайдалану деңгейі әртүрлі. Цифрлық экономиканың негізгі көрсеткіші – интернет қолданушылардың үлесі дамушы мемлекеттерде әлдеқайда төмен (15,2%) [3].